

Сым арқылы хабар тарату қызметін атқару ЕРЕЖЕЛЕРИ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Транспорт және комммуникациялар министрлігі 1997 жылғы 18 тамыз № 151 ҚР Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда тіркелді. Тіркеу № 387. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 11 қарашадағы № 420/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 11.11.2020 № 420/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.1. Сым арқылы хабар тарату қызметін атқару ережелері (бұдан былай Ережелер деп аталады) Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы" заңына, басқада заңды актілеріне сәйкес жасалды және сым арқылы қызмет атқару мен жұмыс жүргізуң негізгі талаптарын белгілейді. Қараңыз.Z100274

1.2. Тұтынушыға (бұдан былай Абонент деп аталады) сым арқылы хабар тарату қызметін атқару кәсіпорны (бұдан былай Байланыс кәсіпорны деп аталады) тек қана Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің лицензиясы бойынша көрсетеді.

1.3. Сым арқылы хабар тарату Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген артықшылықтар есепке алынып жеке және заңды тұлғалардың пайдалануына беріледі.

1.4. Теңізде, жерде, әуеде, ғарыш кеңістігінде адам өміріне қатысты төтенше жағдайлар, қорғаныс және құқық қорғау шараларын жүргізу туралы хабарлар, сондай-ақ көлемді авариялар, апаттар, індептер және табиғи апаттар туралы хабарлар шекіз артықшыларды пайдаланады.

1.5. Қазақстан Республикасы аумағында Абоненттерге қызмет көрсету мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.

1.6. Республиканың ішінде сым арқылы хабар таратудың технологиялық процесінде бір уақыт - Алматы уақыты пайдаланылады.

1.7. Сым арқылы қызмет көрсету мезгілі туралы хабарлама жергілікті уақыт бойынша атқарылады.

1.8. Абоненттерге көрсетілген сым арқылы хабар тарату қызметі сапасы бойынша стандарттық, техникалық қалып талаптарына, келісім шарттарына, сондай-ақ қызмет көрсету туралы ақпаратқа сай болуы тиісті.

2. Абоненттерге көрсетілген сым арқылы хабар тарату қызметі

2.1. Абоненттерге көрсетілген сым арқылы хабар тарату қызметінің тізбесін Байланыс кәсіпорны өзінің техникалық мүмкіндіктеріне және Абоненттің талабына сәйкес айқындалады.

Негізгі көрсетілетін қызмет:

- бір немесе бірнеше радиохабарлар бағдарламаларын сым арқылы хабар беру жүйелері арқылы радиотрансляциялық күшету бекетінен Абоненттің радионүктесіне жеткізу;

- Абоненттің негізгі радионүктесін қондыру, жөндеу, қалпына келтіру;

- Абоненттің негізгі радионүктесін қосу.

Қосымша қызмет көрсету:

- негізгі радионүктенің орнын ауыстыру;

- қосымша радионүктені қондыру, жөндеу, қалпына келтіру, қосу, ажырату;

- залдарды, концерт аландарын, аландарды дыбыстандыру, басқа да шараларды сөздерін аударып өткізу;

- төтенше жағдайлар кезінде сым арқылы хабар тарату жүйелерін хабарлама белгілерін беру үшін пайдалану.

2.2. Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсететін Байланыс кәсіпорны көрсетілетін қызметі, оларды көрсету және пайдалану, ережелері туралы, сондай-ақ ол қызметтің баға көрсеткіштері жайында Абонентке ақпарат береді.

2.3. Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсететін Байланыс кәсіпорны қызмет көрсету уақыты мен сапасы бойынша өз міндеттемелері туралы міндетті түрде Абонентті хабарлар етеді.

2.4. Абонент ағымдағы стандарттар бойынша көзіне көрсетілетін сым арқылы ақпарат тарату қызметін пайдалануға және сым арқылы хабар тарату жүйесінде қолдану үшін сертификацияланған кез келген абоненттің құрылғыны пайдалануға құқылы. Кәсіпорын Абоненттің қалауы бойынша оны абоненттік құрылғы қызметін пайдаланудан ажыратып тастауға міндетті.

2.5. Абоненттің негізгі радиосы бар болған жағдайда оған тегін пайдалану үшін оған қосымша радионүктелер қондыруға рұқсат беріледі.

3. Қызмет көрсету тәртібі

3.1. Радиотрансляциялық торабтан (радиоторабтан) алып радиотрансляциялық нүктелер (радионүктелер) орнату (ажырату) ағымдағы

нормативтер мен баға көрсеткіштеріне сәйкес, келісім-шарт бойынша меншік түріне қарамай жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініші бойынша жасалады.

Сым арқылы хабар тарату қызметін атқару туралы келісім-шарт көпшілікке әйгілі болуы тиісті.

3.2. Радиофикацияланбаған ғимараттарда радионүктегі орнату туралы өтініш берілсе сол жерде оны орнату мүмкіндігі тексеріледі және тиісті қорытынды жасалады.

3.3. Радиофикацияланған ғимаратта радионүктегі орнатуды ресімдеуді алдын-ала тексерусіз жасауға болады.

3.4. Радионүктелерді орнату бекітілген орнату ақысын төлегеннен соң 5 күн ішінде жасалады.

3.5. Сым арқылы хабар таратудың фидерлік желісінің қуаты толық іске қосылған кезде немесе радиоторабының ерікті қуаты болмаған жағдайда Байланыс кәсіпорыны немесе құрылыштың жүргізуши тарапынан келісім-шарт бойынша бекітілген баға көрсеткішіне сәйкес барлық желілік жұмыстар немесе радиоторабын немесе қүшету подстанциясын орнату, қосымша жабдықтау жұмыстары жүргізіледі.

3.6. Абоненттің кінесінен зақымдалған немесе жойылған радионүктелерді қалпына келтіру бекітілген баға көрсеткіші бойынша Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсететін Байланыс кәсіпорыны тарапынан немесе Абоненттің есебінен техникалық нормаларды сақтау жағдайында кез келген тұлға арқылы жүргізіледі.

3.7. Бір пәтердің (жекеше үйдің, бөлменің) аумағында қосымша радионүктелер орнату және орын ауыстыру Абоненттің өтініші бойынша жасалады.

3.8. Сым арқылы хабар тарату жүйесінің желісін сыртқа шығару қажет болғанда заңды және жеке тұлғалардың (үй иелерінің, кәсіпорындардың, құрылыштың үйліштерінің және басқаларының) талабымен олардың есебінен Байланыс кәсіпорыны жасайды.

3.9. Абонент пәтерге кірген кезде радионүктегі ажыратылған немесе зақымдалған болып оған Абонент кінәлі болмаса радионүктегі Абоненттің өтініші бойынша қосымша ақысыз қалпына келтіріледі.

3.10. Радионүктені өз бетімен орнатуға (сым арқылы хабар тарату қызметін атқаратын Байланыс кәсіпорынына білдірмей) болмайды.

3.11. Ол радионүктегі үшін абонементтік төлем, нүктегі ағымдағы техникалық нормаларға сәйкес орнатылған жағдайда, белгілі болған күннен бастап есептеледі. Орнатудың техникалық нормалары бұзылса радионүктегі ажыратылады.

3.12. Абоненттің қалауымен радионүктені ажыратуға болады, ал бұл жағдайда үй иесі тарапынан пәтер ішіндегі радиотрансляциялық жүйенің сақталып қалуы қамтамасыз етілуі тиісті.

4. Сым арқылы хабар тарату қызметінің баға көрсеткіштері

4.1. Сым арқылы хабар тарату қызметінің баға көрсеткіштері белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

Сым арқылы хабар тарату қызметінің жеке түрлері бойынша баға көрсеткіштерін Байланыс кәсіпорны дербес немесе келісім-шарт негізінде белгілейді, ал осылай болғанда:

а) Баға көрсеткішінің көлемі тиімділікті қосып есептегенде оны орындауға қажетті шығын сомасынан аспау керек.

б) Құрылыш және қайта жаңартуға байланысты ауқымы кең жұмыстар жасалған жағдайда Байланыс кәсіпорны белгілеген баға көрсеткіштеріне қоса қызмет көрсету мерзімі мен сапасы бойынша міндеттемелер болуы қажет, бұл жұмыстарды орындау мерзімі келісім-шартта ескеріледі.

4.2. Сым арқылы хабар тарату қызметіне акы төлеуде жеңілдіктер берілсе алынбай қалған кіріс сомасын сол жеңілдіктерді белгіленген орын, немесе занды тұлғалар төлейді.

5. Сым арқылы хабар тарату қызметі көрсетілген Абоненттермен есеп айырысу

5.1. Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсеткені үшін есеп айыру түрі мен тәртібін жергілікті банкілердің мүмкіндіктерін ескере отырып Байланыс кәсіпорны белгілейді.

5.2. Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсеткені үшін Абоненттермен есеп айырысу ұлттық ақшамен жүргізіледі.

5.3. Сым арқылы хабар тарату қызметін атқаратын Байланыс кәсіпорындары қызмет көрсетілген занды және жеке тұлғалармен есеп айырысады.

5.4. Абонент сым арқылы хабар тарату қызмет көрсету үшін қажетті шарттарды орындауға, көрсетілген қызмет үшін дер кезінде және толық ақысын төлеуге міндетті.

5.5. Радионүктені бірінші ай пайдаланғанда, нүктे айдың 15-не дейін орнатылса абоненттік төлем толық бір айлық баға көрсеткіш бойынша төленеді, ал айдың 15-нен кейін қондырылған радионүктені үшін - баға көрсеткіштің 50% көлемінде.

5.6. Радионүктелер үшін абоненттік төлем (Ереженің 5.5. пунктіндегі бірінші төлемді есепке алмай) кез келген мерзімге алынады, бірақ бір айдан кем болмауы тиіс.

5.7. Радионүктелер үшін абоненттік төлем мерзімі төленетін айдың аяғына дейін белгіленген.

5.8. Абонент есеп айырысатын Байланыс кәсіпорыны төмендегі мәселелерді хабарлауы тиісті:

- Абоненттің аты-жөні немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның толық атауы;

- почталық мекен-жайы;

- төлеу деректемелері;

- үй телефонының нөмірі (занды тұлғалар үшін-бас есепшінің қызмет телефоны)

Көрсетілген деректемелердің барлық өзгерістері туралы сым арқылы хабар тарату қызметі үшін есеп айырысатын Байланыс кәсіпорнына дер кезінде хабарлауға міндетті.

5.9. Абоненттің немесе оның занды өкілетті өкілінің талабы бойынша көрсетілген қызмет үшін төленуге ұсынылған соманың мағынасы толық алысуға тиісті.

5.10. Топты енгізуден немесе сым арқылы хабар таратудың бағаналы желісімен алып радионүкте орнату үшін және Байланыс кәсіпорынның қондырғы заттарына белгіленген баға көрсеткіші бойынша төлем алынады.

5.11. Бір және бірнеше бағана орнатып (немесе бір және бірнеше құбырлы таған немесе жерасты кабель төсеу) сым арқылы хабар тарату желісінде қосымша құрылыш жүргізу қажет болған жағдайда бөлек смета бойынша төлем алынады.

5.12. Негізгі радионүктені қосымша орнату немесе орнын ауыстырғаны үшін баға көрсеткіші бойынша төлем алынады.

5.13. Қазақстан Республикасы зандар белгілеген жеңілдіктерге ие Абоненттерден абоненттік төлем толық немесе жарым-жартылай алынбайды. Бұлай болғанда Абоненттік дербес счетына жеңілдіктермен қызмет көрсетілуге құқылышын айқындастын құжатының нөмірі жазылу керек.

5.14. Зағиптардың ұжымдық қолдануындағы (жатақханаларда, арнаулы мектептерде, оқу-өндірістік кәсіпорындарда, мәдени-ағарту мекемелерінде) қуаты 0,5 Вт аспайтын наушникті немесе дауыс зорайтқышы бар радиотрансляциялық нүктелер үшін абоненттік төлем алынбайды.

а) Абонент радионүктені әрі қарай пайдаланудан бас тартса абоненттік төлем есептеу өтініш берген күннен бастап тоқтатылады.

б) Тұрғындарды қөшіріп бүкіл үйге (әкімшілік ғимаратына) күрделі жөндеу жүргенде немесе үйді (ғимаратты) бұзуға әзірлегенде. Үй иесінің жазбаша өтініші төлем алуды тоқтатуға негіз болады.

в) пәтерді күрделі жөндеуге байланысты бөлме ішіндегі желікті бір айдан астам мерзімге алып тастау қажет болғанда Абоненттің жазбаша өтініші радионүктені алып тастауға негіз болады.

г) дебиторлық берешегі үшін радионүктені ажыратқан күннен бастап абоненттік төлем есептеу тоқтатылады.

д) Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсететін Байланыс кәсіпорынының кінәсінен Абонент 5 күн қатарынан сым арқылы хабар таратумен қамтамасыз етілмесе радионүктенің жұмыс істемеген күндері үшін абоненттік төлем қайта есептелінеді (аппараттық кітаптағы радиоторабының жұмыс істемегені туралы жазу немесе радионүктенің істен шыққаны туралы кітапқа жазылған мәлімдеме негізінде)

6. Шағымдарды қарау тәртібі

6.1. Байланыс кәсіпорны көрсететін қызмет туралы шағымдар Қазақстан Республикасы зандары белгілеген мерзімде беріледі.

6.2. Шағымды ауызша немесе жазбаша түрде беруге болады. Ауызша шағым бойынша мәселені дереу шешуге мүмкіндік болмаса шағымданушы қол қойып жауап берілетін мекен-жай көрсетіліп жазбаша түрде өтініш беруге тиісті.

6.3. Абонент осы ережелерді бұзып немесе белгіленген мерзімде сым арқылы хабар тарату қызметі көрсетілгені үшін төлем ақыны өтемесе, осының салдарынан қызмет көрсету жұмыстарына бөгет тудырылса сым арқылы хабар тарату қызметін атқаратын Байланыс кәсіпорыны Абоненттің үстінен шағым жасауға құқылы.

6.4. Шағым екі жақтың келісімі бойынша шешілуге болады. Келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда екі жақта жоғары орындарға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

6.5. Сым арқылы хабар тарату қызметін атқаратын Байланыс кәсіпорыны шағымды оның түскен күнінен бір ай мезгілінде қарауға тиісті. Қаралу нәтижесі жазбаша түрде басшының қолы қойылып Абонентке хабарланады.

6.6. Шағымдарды қарауға байланысты хаттар 3 жыл бойы сақталуға тиісті.

7. Жақтардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Байланыс кәсіпорыны Абонентке сым арқылы хабар тарату қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы, егер:

а) Абоненттің талаптарын орындау өндірістік мүмкіндіктердің шенберінен шығып кетсе;

б) Абонент осы Ережелерді бұзса;

в) Абонент 40 күннен астам көрсетілген қызмет үшін ақы төлемесе;

7.2. Байланыс кәсіпорыны қызмет көрсету мерзімі мен сапасы бойынша (егер ол келісім-шартта ескертілмесе) өз міндеттемелерін орындаамаса Абонент құқылы :

а) қызмет көрсету төлемінің бағасын төмендетуді талап етуге, қызмет көрсетуді орындаудың жаңа мезгілін тағайындауга;

б) келісім-шартты бұзуға.

7.3. Байланыс кәсіпорынының сым арқылы хабар тарату қызметін көрсетуден бас тартуы бойынша Абонент сот тәртібімен арыздана алады.

7.4. Абонент пәтер ішіндегі радиотрансляциялық желінің, арматураның және өз аумағындағы сым арқылы хабар тарату жүйесінің барлық басқа жабдықтарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

7.5. Абоненттердің кінәсінен (пәтерді, ғимаратты жөндеу, төбенің қарын тазалау және т.т.) радиотрансляциялық желілер, сым арқылы хабар тарату жүйесінің жабдықтары істен шықса немесе жоғалса олар Байланыс кәсіпорындарына қалпына келтіруге жүмсалған шығынды өтейді.

7.6. Тасқа елді мекенге тұрғылықты мекенге көшкенде Абонент радионүктені ажырату туралы радиоторабына өтініш беруге міндетті.

8. Сым арқылы хабар тарату қызметін атқарушы

Байланыс кәсіпорыны және Абоненттің өзара

жауапкершілігі

8.1. Сым арқылы хабар тарату қызметін атқарушы Байланыс кәсіпорынының Абонент алдындағы жауапкершілігі өз міндеттемелерін орындаамаған немесе тиісті дәрежеде орындаамаған жағдайда Қазақстан Республикасы заңдарында ескерілген тәртіп бойынша айқындалады.

8.2. Сым арқылы хабар тарату қызметін көрсетуші Байланыс кәсіпорыны Абонент шағымданған көрсетілетін қызметті орындаудың хабарланған сапасы мен мерзімі, сондай-ақ қызмет көрсетудің тиісті ақпараттары бойынша Абонент алдында жауап береді.

8.3. Байланыс кәсіпорыны сапасыз қызмет көрсеткені және сым арқылы хабар тарату қызметіндегі кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзғаны үшін жауап береді.

8.4. Абоненттің кінәсінен сапалы қызмет көрсету мүмкін болмаса немесе форс-мажорлық жағдай туса (табиғи апат, катастрофа) Байланыс кәсіпорыны Абоненттің алдында жауап бермейді.

9. Сым арқылы хабар тарату қызметін атқару Ережелерінде қолданылатын Терминдер

"Желілік хабар тарату" - абоненттерге желі арқылы дыбысты хабар тарату бағдарламаларын қабылдауға, күшетуге және хабар беруге бағышталған техникалық құрылымдар мен жабдықтар кешені ұйымдастырған электрлік байланыс түрі;

"Абоненттер" - сым арқылы хабар тарату қызметін пайдаланушылар;

"Байланыс кәсіпорыны" - меншік түріне қарамайтын, дыбысты хабар тарату және басқа ақпараттар беруді өзірлеу және шығару мен шұғылданатын, сым арқылы хабар таратудың әртүрлі қызметін көрсететін кәсіпорындар;

"Сым арқылы хабар тарату жүйесі" - хабар тарату бағдарламалары сигналдарын қалыптастыру, күшетуге және бөлу жүйесі желілік жүйесінің көмегімен оларды абоненттердің қабылдағыш қондырғыларына таратуға арналған құрылымдар кешені;

"Радиотрансляциялық торап" - хабар тарату бағдарламаларын қалың көшілік тындаушыларға жеткізуді қамтамасыз ететін бекеттік желілік құрылымдар мен абоненттік жабдықтар кешені;

"Күшету бекеті" - дыбысты хабар тарату сигналдарын күшетуге және сым арқылы хабар тарату жүйесін қоректендіретін бекет;

"Радиотрансляциялық желі" - тіреулерге немесе бағаналарға ілінген екі сым (әуелік желілер) немесе жер астындағы кабельден (кабельдік желі) тұратын құрылым;

"Радиотрансляциялық жүйелер" - хабар тарату бағдарламаларын күшеткіштерден абоненттерге орнатылған резеткаларға жеткізуге арналған үй ішіндегі сымдардың, трансформаторлардың және басқада желілік жабдықтардың радиотрансляциялық желілерінің жиынтығы;

"Радиотрансляциялық нұктे" - абонентке орнатылатын және оған сым арқылы хабар тарату бағдарламаларды жеткізуді қамтамасыз ететін қондырғы;

"Абоненттік қондырғылар" - сым арқылы хабар тарату жүйесіне берілетін және оның жұмысына қатысы жоқ дыбысты хабар тарату бағдарламаларын қабылдау мен шығаруға арналған электро-дыбысты қондырғы (громкоговорительдер, қабылдағыштар, радионаушниктер, сондай-ақ басқа да техникалық қондырғылар);

"Дыбысты хабар тарату" - әр аймақтардағы тындаушылардың қалың жүртшылығына жалпыға қажетті дыбысты ақпарат тарату.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК